



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына – «Ақ жол»  
Қазақстан демократиялық  
партиясы фракциясының  
мүшелеріне**

*2021 жылғы 26 ақпандағы № ДС-80 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Тұрғын үйге бірыңғай электрондық кезекті енгізуге және әкімдіктер берген әлеуметтік тұрғын үйге тексеру жүргізуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

*І. Әрбір қалада тұрғын үйге ашық электрондық кезекті енгізу бойынша ұсыныстарға қатысты*

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 79-тармағына сәйкес «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» тұрғын үйге кезекте тұрғандарды есепке алудың бірыңғай ұлттық жүйесі (бұдан әрі – СБӨ) енгізілді.

СБӨ-ні дамытудың мақсаты тұрғын үйді қою, есептен шығару, түгендеу және бөлу процестерінің ашықтығы, орталықтандырылуы, оңтайландырылуы және автоматтандырылуы болып табылады.

СБӨ сервисі интеграцияланған ақпараттық жүйе болып табылады, ол бойынша мәліметтер порталда тікелей түсірілуде.

*Анықтама ретінде: жүйе 22 МО (МҚІА, Қаржымині, Еңбекмині, ДСМ, Әділетмині, ЦДИАӨМ, Мемлекеттік корпорация және «ҚТҚЖБ» АҚ») ақпараттық жүйелерімен біріктірілген.*

СБӨ енгізу қорытындысы бойынша мемлекеттік дерекқормен интеграцияланғаннан кейін кезекте тұрғандар бойынша 1 327 805 сәйкессіздік (тұрғын үйдің болуы, санаттың сәйкес келмеуі және т.б.) анықталды. Әкімдіктер 796 162 сәйкессіздікті пысықтады, бүгінгі күні осы бағыт бойынша жұмыс жалғасуда.

Бүгінде жүйенің жұмысы есебінен сәйкессіздіктерге байланысты кезектен 41 мыңнан астам адам шығарылды.

Осылайша, СБӨ енгізуді ескере отырып, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған азаматтардың «электрондық үкімет» веб-порталында өз кезегін көруге тікелей және еркін қол жеткізу мүмкіндігі бар.

Тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Заң жобасының тұжырымдамасы шеңберінде әкімдіктердің тұрғын үйді есепке алу және бөлу жөніндегі функцияларын жаңадан құрылған Отбасы банкіне беруді көздейтін жаңа тұрғын үй реформасының құралдарын енгізу жөніндегі тәсілдер мақұлданды.

Әкімдіктерде кезекте тұрғандардың ағымдағы базасы (*шамамен 556 мың адам*) Отбасы банкіне беріледі. Отбасы банкі базасында «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» құрылатын болады, ол кезекте тұрғандардың бірыңғай республикалық электрондық базасын жүргізуді, мониторингтеуді, өзектендіруді, тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қоюды және есепке алуды, сондай-ақ тұрғын үйдің қолжетімділік сатысына сәйкес қою күні бойынша азаматтарға тұрғын үйді бөлу орталықтандырып жүзеге асыратын болады.

Қазіргі уақытта Заң жобасы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралды және мақұлданды (*2021 жылғы 5 ақпандағы № 536 хаттама*). Өзірленген Заң жобасы жария талқылау үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына орналастырылды және ағымдағы жылғы 22 ақпанда сараптамалар алуға (*ғылыми-құқықтық, экономикалық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, лингвистикалық*), сондай-ақ жұмыс тобының мүшелеріне қарау және алдын ала келісу үшін жіберілді.

Одан әрі жұмыс Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмысын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын болады.

Осыған байланысты тұрғын үйге ашық электрондық кезекті іске асыру құрылатын Тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі орталықты ескере отырып, Отбасы банкі базасында жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, әкімдіктер кезекте тұрғандар бойынша түгендеуді аяқтағаннан кейін ағымдағы жылдың екінші тоқсанында Отбасы банкі базасында тұрғын үйлерді бөлу функционалын автоматтандыру көзделеді.

*II. Әкімдіктер берген әлеуметтік тұрғын үйге толық тексеру жүргізуге қатысты*

Бүгінгі күні тұрғын үй алуға кезекте тұрған республикалық базада шамамен 556 мың адам бар, оның ішінде табысы бір ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың әлеуметтік осал топтарының 195 мыңы тұрғын үйге мұқтаж.

Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 77-бабы 1-тармағының негізінде жүзеге асырылады, оған сәйкес коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй тұрғын үй комиссиясы шешімінің негізінде

өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша беріледі.

Сонымен қатар, прокуратура органдары әкімдіктердің 2018-2019 жылдары және 2020 жылдың өткен кезеңінде «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруы кезіндегі заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізді.

Талдау тұрғын үй саясаты, оның ішінде әлеуметтік тұрғын үйді бөлу және есепте тұрған азаматтарды түгендеу саласындағы заңдылықтың бұзылуын анықтады.

Талдау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен тұрғын үйді заңсыз беру фактілері, азаматтарды есептен уақтылы шығармау және заңсыз шығару, тұрғын үйді бөлу және мұқтаж адамдарды есепке алу саласында бірыңғай оператор құру және лауазымды тұлғаларды, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар басшыларын тәртіптік жауапқа тарту қажеттігі туралы нұсқама берілді (24.12.2020 ж. № 2-010336-20-77380).

Анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша 16 өңірде 61 лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік жауаптылық шаралары қабылданды.

Ұсыныста көрсетілген бұзушылықтар ескерілді, әкімдіктер оларды жою бойынша шаралар қабылдауда, алдағы уақытта «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың заңдылығына бақылау күшейтіледі. Тұрғын үйді заңсыз бөлу фактісі анықталған жағдайда, тұрғын үй жылу беру маусымы аяқталғаннан кейін коммуналдық меншікке алынады, одан әрі халықтың әлеуметтік осал топтарына оларды есепке қою күніне сәйкес қайта бөлінеді. Аталған жұмыс барлық өңірлер бойынша жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, бұл мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында.

**А. Мамин**

*Орынд.: Түкібаев С.  
Тел.: 74-53-45*

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан – членам  
фракции демократической  
партии Казахстана «Ак жол»  
(по списку)**

*На № ДЗ-80 от 26 февраля 2021 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно внедрения единой электронной очереди на жилье и проведения ревизии выданного акиматами социального жилья, сообщая следующее.

*I. Касательно предложений по введению открытой электронной очереди на жилье в каждом городе*

В соответствии с пунктом 79 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 2 сентября 2019 года внедрена единая национальная система учета очередников на жилье «Постановка на учет и очередность, а также принятие местными исполнительными органами решения о предоставлении жилища гражданам, нуждающимся в жилище из государственного жилищного фонда или жилище, арендованном местным исполнительным органом в частном жилищном фонде» (далее – СПП).

Целями развития СПП являются прозрачность, централизация, оптимизация и автоматизация процессов постановки, снятия с учета, инвентаризации и распределения жилья.

Сервис СПП является интегрированной информационной системой, сведения по которой находятся в прямой выгрузке на портале.

*Справочно: система интегрирована с 22 информ. системами ГО (АДГС, МФ, МТСЗН, МЗ, МЮ, МЦРИАП, Государственной корпорацией и АО «ЖССБК»).*

По итогам внедрения СПП после интеграции с государственными базами данных выявлено 1 327 805 несоответствий по очередникам (*наличие жилья, несоответствие категории и т.д.*). Акиматами отработано 796 162 несоответствий, на сегодняшний день работа по данному направлению продолжается.

На сегодня за счет работы системы ввиду несоответствий снято с очереди более 41 тыс. человек.

Таким образом, с учетом внедрения СПП граждане, состоящие в очереди на получение жилья из государственного жилищного фонда, имеют возможность прямого и свободного доступа к просмотру своей очередности на веб-портале «электронного правительства».

В рамках Концепции проекта Закона Республики Казахстан по вопросам реформирования жилищной политики были одобрены подходы по внедрению инструментов новой жилищной реформы, предусматривающие передачу функций акиматов по учету и распределению жилья очередникам вновь образованному Отбасы банк.

Текущая база очередников акиматов (*порядка 556 тыс. человек*) будет передана в Отбасы банк. На базе Отбасы банк будет создан «Центр обеспечения жильем», который будет централизованно осуществлять ведение, мониторинг, актуализацию единой республиканской электронной базы очередников, постановку и учет нуждающихся в жилище, а также распределение жилья гражданам по дате постановке в соответствии с лестницей доступности жилья.

В настоящее время проект Закона был рассмотрен и одобрен на заседании Межведомственной комиссии по вопросам законопроектной деятельности (*протокол № 536 от 5.02.2021 года*). Разработанный проект Закона был размещен на интернет-портале открытых нормативных правовых актов для публичного обсуждения и 22 февраля текущего года направлен на получение экспертиз (*научно-правовая, экономическая, антикоррупционная, лингвистическая*), а также рассмотрения и предварительного согласования членам рабочей группы.

Дальнейшая работа будет осуществляться в установленном порядке в соответствии с Правилами организации законопроектной работы в уполномоченных органах Республики Казахстан.

В этой связи реализация открытой электронной очереди на жилье будет проводиться на базе Отбасы банк с учетом создаваемого Центра по обеспечению жильем.

Вместе с тем после завершения акиматами инвентаризации по очередникам во втором квартале текущего года предусматривается на базе Отбасы банк автоматизация функционала по распределению жилищ.

*II. Касательно проведения полной ревизии выданного акиматами социального жилья*

На сегодняшний день в республиканской базе очередников на получение жилья состоит порядка 556 тыс. человек, в том числе 195 тыс. нуждающихся в жилье социально-уязвимых слоев населения с доходом ниже одного прожиточного минимума.

Предоставление жилья из государственного жилищного фонда гражданам, нуждающимся в жилье, осуществляется на основании пункта 1 статьи 77 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», в соответствии с которым жилище из коммунального жилищного фонда или жилище, арендованное местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, предоставляется по решению местного исполнительного органа по месту жительства заявителя на основании решения жилищной комиссии.

Вместе с тем органами прокуратуры проведен анализ состояния законности при реализации акиматами Государственной программы «Нұрлы жер» за 2018-2019 годы и истекший период 2020 года.

Анализом выявлены нарушения законности в сфере жилищной политики, в том числе распределения социального жилья и инвентаризации состоящих на учете граждан.

По итогам анализа Генеральной прокуратурой Республики Казахстан выдано предписание (*№ 2-010336-20-77380 от 24.12.2020 г.*) о фактах незаконного предоставления жилья, несвоевременном и неправомерном снятии с учета граждан, необходимости создания единого оператора в сфере распределения жилья, учета нуждающихся лиц и привлечения к дисциплинарной ответственности должностных лиц, в т.ч. руководителей местных исполнительных органов.

По фактам выявленных нарушений в 16 регионах приняты меры дисциплинарной ответственности в отношении 61 должностного лица.

Указанные в представлении нарушения учтены, акиматами принимаются меры по их устранению, в случае выявления факта незаконного распределения жилья, жилище будет изъято в коммунальную собственность по завершению отопительного сезона с дальнейшим перераспределением социально-уязвимым слоям населения в соответствии с датой их постановки на учет. В дальнейшем будет усилен контроль за законностью реализации Государственной программы «Нұрлы жер».

Вместе с тем данный вопрос находится на контроле Правительства Республики Казахстан.

**А. Мамин**

*Исп.: Тукибаев С.  
Тел.: 74-53-45*